



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201__ жылғы “ _____ ” _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

«__» _____ 201__ года
№ _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Орынбасары
А. Қ. Жұмағалиевке

2018 жылғы 31 қаңтарда
жарияланды

Депутаттық сауал
Құрметті Асқар Қуанышұлы!

Елбасы Н.Ә. Назарбаев бекіткен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 100-қадамына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясын мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдеріне айналдыру мақсатында қыруар іс атқарылғаны даусыз. Дегенмен, электрондық форматта және «Азаматтарға арналған үкімет» арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер санын әлі де көбейту қажет. Мәселен, өткен жылдың он бір айында мемлекеттік органдар халыққа 131,7 миллион қызмет көрсеткен болса, соның 71 пайызы ғана электрондық форматта (47 пайыз) және «Азаматтарға арналған үкімет» (24 пайыз) арқылы көрсетілген. Ал жергілікті атқарушы органдар қағаз нысанда көрсеткен 32,6 миллион қызметтің 23,5 миллионын, немесе 72,1 пайызын «Азаматтарға арналған үкімет» пен «Электронды үкімет» порталы арқылы көрсетуге мүмкіндік бар еді. Мұның өзі өңірлердің әкімдіктерінің көпшілігі қазіргі заманға сай жаңаша жұмыс істеуге онша құлшынбай отырғандығын аңғартқандай.

Осыған орай Сіздің қарауыңызға мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Электрондық форматта қызмет көрсетуді ұлғайту мақсатында барлық жерде тұрғындардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, атап айтқанда, «Азаматтарға арналған үкіметтің» майдан-офистерінің базасында, жергілікті атқарушы органдарда, мемлекеттік кірістер басқармаларында, білім беру ұйымдарында, кітапханаларда және басқа орындарда жастар мен ересек адамдарды, сондай-ақ ауыл тұрғындарын «Электрондық үкімет» веб-порталымен жұмыс істеуге жаппай үйрету қажет;

2. Орталық мемлекеттік органдар көрсететін мемлекеттік қызметтерді барынша орталықсыздандыру қажет. Өйткені, олар қазіргі таңда мемлекеттік

қызметтің 67 түрін тек өздері ғана әрі қағаз нысанда көрсетеді. Сол үшін азаматтардың Астана қаласына сапар шегулеріне тура келеді;

3. Жергілікті деңгейде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің бірыңғай регламенттерін әр сала бойынша тиісті орталық мемлекеттік органдар бекіткені дұрыс сияқты. Себебі, қазір мемлекеттік қызмет регламенттерін өңірлік әкімдіктердің өздері дербес бекітетіндіктен, мұның өзі оларда тиісті стандарттар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкессіздіктердің орын алуына әкеліп соғып жүр. Соның салдарынан аумақтық әділет органдары ондай құжаттарды мемлекеттік тіркеуден өткізуде қиындықтарға тап болуда. Мәселен, Ақмола, Маңғыстау, Жамбыл облыстары мен Алматы қаласының әкімдіктері қабылдаған регламенттерде тракторшы куәлігін алғысы келетіндер емтихан комиссиясына емтихан тапсыруға тиіс деп көрсетілсе, өзге өңірлерде ондай комиссиялар жоқ болып шықты. Бұған қоса, аталмыш регламенттерді өңірлік газеттерде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау үшін жергілікті атқарушы органдар жылсайын айтарлықтай қаржы шығындауда. Сондай-ақ өңірлердің әкімдіктері бекітетін регламенттер салалық мемлекеттік органдар қабылдаған ережелер негізінде әзірленетіндігін ескерген жөн;

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерінде мемлекеттік қызмет көрсету мәселелерімен айналысатын дербес басқармалар құру мәселесін қарастыру қажет. Өйткені, өңірлік әкімдіктердің ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімдеріндегі 2-3 қызметкер көбінесе өңірлерде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік бермейтін статистикалық талдау жасаумен ғана шұғылданады. Олардың саны өңірлерде кибер-қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін де жеткіліксіз. Оның үстіне, бүгінде жергілікті жерлерде орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының филиалдары «өздерімен-өздері» болып қалып отыр, олардың қызметін үйлестіретін ешкім жоқ. Аталған басқармаларды құру «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын өңірлерде іске асыруға да септігін тигізеді деп ойлаймыз;

5. Өңірдегі барлық мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта алуға міндеттеген Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің бастамасына қолдау білдіру қажет.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен,
депутаттар,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшелері

К. Мұсырман
М. Айсина